

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы «21» маусымдағы №682 қаулысымен бекітілген Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Темір жол көлігімен жүк тасымалдау қағидасы (бұдан әрі - Қағида) «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасында темір жол көлігімен жүк тасымалдауды ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы арқылы халықаралық және транзиттік қатынаста темір жол көлігімен жүк тасымалдау Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Осы Қағидада көзделмеген жүктерді тиеу және бекітудің техникалық нормалары, сұйық жүктерді құйма түрінде, қауіпті жүктерді тасымалдау тәртібі мен шарттары Темір жол ынтымақтастығы ұйымының және Тәуелсіз Мемлекеттер Достығына (ТМД) қатысушы елдер мен Латвия Республикасының, Литва Республикасының, Эстония Республикасының темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің шеңберінде қабылданған халықаралық келісімдерде (шарттарда) және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын өзге де халықаралық келісімдерде (шарттарда) белгіленеді.

4. Осы Қағидада мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жоспардан тыс тасымалдау – ағымдағы ай ішінде түскен өтінім бойынша негізгі жоспарда көзделмеген жүк тасымалдау;

2) кірме жол мен түйісу станциясы жұмысының бірыңғай технологиялық үдерісі (БТП) – кірме жол мен түйісу станциясының өзара әрекет ету шарттарын анықтайтын технологиялық акт, ол ұйымның меншікті локомотив қызмет көрсететін және орташа тәуліктік жүк айналымы 50 және одан көп вагоннан тұратын кірме жолы үшін әзірленеді;

3) мүкәммал вагон (контейнер) – ТМД елдері, Латвия, Литва және Эстония темір жол әкімшілігінде темір жол әкімшілігінің ақпараттық-есептеу орталығының автоматтандырылған дерекқорында тіркелген жүк вагоны (контейнері);

4) айналмалы маршрут – бір жөнелтуші біртекті жүк тиеген бір жөнелту станциясынан бір жүк алушының атына бір станцияға тағайындалған және жүк түсіргеннен кейін бос вагондар бастапқы станцияға жүз пайыз қайтарылатын бір жүк құжатымен ресімделген белгіленген салмақтағы және ұзындықтағы поезд құрамы;

5) маршрут – жүк жөнелтуші кірме жолда немесе темір жол станциясында құрастырған белгіленген салмақтағы немесе ұзындықтағы поезд құрамы;

6) тасымалдаудың негізгі жоспары – алдағы айға тасымалдаушы қабылдаған және келіскен жүкті тасымалдауға өтінім (жоспар);

7) реттеуші тапсырма – түсіруден бос вагондарды беру және тиеуге бос вагондарды қабылдауға, сондай-ақ жылжымалы құрамды пайдаланудың сапалы көрсеткіштерін қамтамасыз етуге және вагондарды (контейнерлерді) станциялар бойынша тең бөлуге арналған станция тапсырмасы;

8) қосарланған жүк операциясы – жүк алушының өзі түсірген вагонды, контейнерді жүк тиеуге пайдалануы;

- 9) жалғама жол – станциялардың парктерін немесе станцияны кірме жолдармен қосатын арнайы тағайындалған темір жол;
- 10) мамандандырылған контейнерлер – арнайы конструкциясы бар сусыма, сұйық, тез бүлінетін, қауіпті және басқа да жүктің жекелеген түрлеріне арналған контейнерлер;
- 11) тиеу, түсіру (жүктен босату) мерзімдері (технологиялық уақыт) – жалпы пайдалану орындары мен кірме жолдарда дайындау, қосалқы және қорытынды операцияларға жұмсалған уақыт шығынын есепке ала отырып, жүктерді механикаландырған немесе механикаландырылмаған тәсілдермен тиеуді және түсіруді орындауға жұмсалатын уақыт (бұдан әрі – техникалық уақыт);
- 12) ҚКК тақтайшасы – «Қауіпсіз контейнерлер жөніндегі халықаралық конвенцияда» (ҚКК) белгіленген, әмбебап контейнерді жасағанда немесе күрделі жөндегенде міндетті түрде есігіне бекітілген және оны пайдалану қауіпсіздігін куәландыратын тақтайша;
- 13) кедендік тақтайша (КБК) – контейнерге бекітілген және оның жүктерді кедендік бақылаумен тасымалдауға жарамдылығын растайтын белгілі бір мөлшердегі және мазмұндағы тікбұрышты металл пластина;
- 14) көліктік пакет – әмбебап, арнайы біржолғы пайдаланылатын немесе табандықпен немесе табандықсыз көп айналымдық пакеттік құралдардың көмегімен өзара бекітілетін ыдыстағы (жәшіктердегі, қаптардағы, бөшкелердегі, мамандандырылған контейнерлердегі) немесе ыдыссыз жүктің жекелеген орындарынан қалыптастырылған ірілендірілген жүк орны;
- 15) әмбебап контейнер – жүкті орналастыруға арналған ішкі көлемі бар көп рет қолданылатын, бір немесе бірнеше көлік түрімен жүк тасымалының сақталуын қамтамасыз ететін, брутто массасы, габаритті мөлшері, конструкциясы және таңбалануы бойынша стандартты және механикаландырылған тиеу, түсіру (жүкті босату) және қайта тиеуге арналған конструкциясы бар, жүктердің кең номенклатурасын тасымалдауға пайдаланылатын көлік жабдығының біріздендірілген жүк бірлігі;
- 16) әмбебап орташа тонналық контейнер – тиісінше ең жоғарғы рұқсат етілген брутто массасы 3 және 5 тонна, сыйымдылығы 5 және 11 текше метр, тиісінше 3-тен және 5-тен басталатын тоғыз мәнді нөмірі бар әмбебап контейнер;
- 17) әмбебап ірі тонналық контейнер - брутто массасы 10 және одан көп тонна және ұзындығы 10 және одан көп ағылшын футы болатын, ИСО стандартына сәйкес келетін таңбалау коды бар және Контейнерлер жөніндегі халықаралық бюрода (BIC) тіркелген әмбебап контейнер;
- 18) тасымалдардың электрондық дерегі (бұдан әрі – ТЭД) – компьютердің жадында болатын және құжаттармен электрондық алмасу және жүкті тасымалдау мен ілесіп жүруге қатысты хабарламаларды жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін деректер жиынтығы;
- 19) деректермен электрондық алмасу (бұдан әрі – ДЭА) – ақпараттық желілерді, бағдарламалық және техникалық құралдарды қолдану арқылы тараптар келіскен деректерді тапсыру хаттамаларының негізінде жүргізілетін жүк тасымалдары мәселелері бойынша деректермен (құжаттармен, хабарлармен) алмасу;
- 20) тиеу және түсіру орындары – жүк операцияларын жүргізуге және жүктерді сақтауға ашық станциялардағы жүктерді тиеуге және түсіруді орындауға арналған жол, қоймалар, алаңдар, платформалар;
- 21) өз осіндегі жүк - тасымалдау төлемақысы төленген толық тасымалдау құжаты бойынша бос

түрде жөнелтілген жылжымалы құрам;

22) меншік вагон (контейнер) – көлік құралы (жабдығы) ретінде берілетін және тиісті нөмірленуі (префиксі) бар меншік құқығы немесе басқа заңды негізде жеке немесе заңды тұлғаға тиесілі жүк вагоны (контейнері);

23) тікелей аралас қатынастағы тасымалдау – тасымалдауға қатысатын тасымалдаушылар санына қарамастан, бүкіл тасымалдауға бірыңғай тасымалдау құжатын толтыру арқылы ұйымдастырылған екі және одан көп көлік түрімен жүргізілетін жүкті тасымалдау.

5. Осы Қағидада пайдаланылатын өзге ұғымдар Заңда белгіленген мәндерде қолданылады.

6. Жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру үшін тасымалдаушы мен жүкті жөнелтуші арасында тасымалдау шарты жасалады, ол бойынша тасымалдаушы өзіне жүк жөнелтуші сеніп тапсырған жүкті уақтылы және сақтаулы түрде жөнелту станциясынан жеткізу станциясына дейін жеткізіп, жүк алушыға тапсыруға міндеттенеді, ал жүк жөнелтуші (жүк қабылдаушы) жүк тасымалдауға ақы төлеуге және оны қабылдауды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Жүктерді тасымалдау шарты темір жол көлік жүкқұжатын жасаумен ресімделеді.

Жүк тасымалдау шарты жүк жөнелтушіге жөнелту станциясының темір жол көлігі жүк құжатына күнтізбелік мөртаңба қойылып, жүктің қабылданғаны туралы түбіртек берілген және жүкті тасымалдауға қабылдау туралы қабылдау-тапсыру құжаттарына (вагондарды беру-алу ведомосі, жаднама, натурлық парақ) қол қойылған сәттен бастап жасалды деп есептеледі.

Тасымалдау шарты жүк алушы немесе уәкілеттік берілген адам темір жол көлігі жүкқұжатын алғаннан кейін және жол ведомосына, сондай-ақ жүкті қабылдау туралы қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін орындалды деп есептеледі.

7. Тасымалдау үдерісін орталықтан басқаруды және ұйымдастыруды, жүк тасымалдаушыларға магистральдық темір жол желісінің қызметтерін көрсетуді магистральдық темір жол желісі операторы жүзеге асырады.

8. Тасымалдаушы жүк тасымалдау бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін магистральдық темір жол желісінің операторы көрсететін магистральдық темір жол желісі қызметтерін қолданады.

9. Магистральдық темір жол желісінің операторы темір жол көлігінде техникалық құралдарды тиімді пайдалану және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету талаптарын негізге ала отырып, магистральдық темір жол желісі бойынша жылжымалы құраның өткізілуін қамтамасыз етеді, тасымалдау үдерісін үйлестіруді, орталықтан басқаруды және ұйымдастыруды жүзеге асырады.

10. Жүк жөнелтуші, жүк қабылдаушы жүкті тасымалдаумен байланысты жұмыстарды орындау үшін тармақ иеленушісінің, тасымалдаушының, экспедитордың, жылжымалы құрам иесінің және басқа да адамдардың қызметтерін шарт негізінде қозғалыстың, техникалық құралдар мен жылжымалы құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету шартымен пайдалана алады.

11. Вагон (контейнерлер) операторы тасымалдау үдерісінде қатысушыларды шарт негізінде вагондармен (контейнерлермен) қамтамасыз ету бойынша, вагондар (контейнерлер) қозғалысын бөлу және басқаруы бойынша қызметтер көрсетеді, сондай-ақ тасымалдаушымен шарт негізінде вагон (контейнер) операторы қызметтерін көрсету жолымен тасымалдау үдерісіне қатысады.

12. Тасымалдау үдерісіне қатысушылар темір жол көлігінде қозғалыс қауіпсіздігі бойынша талаптарды сақтау мақсатында өз қызметкерлерінің қажетті кәсіби даярлығын қамтамасыз етеді, қозғалыс қауіпсіздігімен және еңбекті қорғаудың ерекше шарттарымен байланысты жұмыстарды

орындауға адамдарға рұқсат берілуін бақылауды жүзеге асырады.

13. Кірме жолдар, олардың құрылыстары және құрылғылары жүктердің бірқалыпты тиелуін, түсірілуін (босатылуын), жүк айналымына сәйкес маневрлік жұмысты, сондай-ақ жылжымалы құрамның ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз етуі тиіс.

14. Тасымалдаушының, жүк тасымалдаумен байланысты қызметтерді ұйымдастыру және/немесе орындау үшін тартылатын, тасымалдау үдерісіне қатысушылардың және өзге де адамдардың қызметтерінің құнын жүк тасымалдау шартының тараптары белгілейді.

15. Магистральдық темір жол желісі бойынша жүкті тасымалдауды жүктерді жөнелтушінің жүк тасымалдауға қабылданған өтінімі негізінде тасымалдаушы жүзеге асырады.

16. Тасымалдаушылар жүк жөнелтушілердің өтінімдері негізінде жүктерді тасымалдау жоспарын жасайды және магистральдық темір жол желісі операторына олардың поездарын қозғалыс кестесіне енгізуге өтінім береді.

Келісілген жоспар бойынша жүкті тасымалдауға арналған өтінімнің орындалуын тасымалдаушы жүк жөнелтушінің есепке алу карточкасында осы Қағидада белгіленген тәртіппен ескереді.

17. Магистральдық темір жол желісінің операторы тасымалдаушы келісуге ұсынған жүктерді тасымалдау жоспарларын қарайды. Поездар қозғалысының графигін, өткізудің технологиялық мүмкіндігін магистральдық темір жол желісінің операторы поездарды өткізу және тасымалдаушылардың өтінімдерін ескере отырып, тасымалдау жұмыстарын орындау бойынша магистральдық темір жол желісі учаскелерінің техникалық және технологиялық мүмкіндіктері негізінде әзірлейді.

18. Жүкті тасымалдау тасымалдаушының немесе локомотивтік тартым операторының локомотивтік тартымымен тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің (жүк алушының) немесе вагондар (контейнерлер) операторының вагондарында (контейнерлерінде) жүзеге асырылады.

Тасымалдау үдерісіне Қазақстан Республикасы Жылжымалы құрамының мемлекеттік тізілімінде тіркелген, магистральдық темір жол желісіне жіберу талаптарына сәйкес келетін техникалық жай-күйдегі жылжымалы құрам жіберіледі.

19. Тасымалдаушы жүкті тасымалдауды жылжымалы құраммен жүзеге асырады және тасымалдау құжаттарында көрсетіледі.

20. Жүк жөнелтуші мен вагон (контейнер) иесінің өзара қатынастары олардың арасындағы шарт негізінде жүзеге асырылады.

21. Тасымалдаушыда меншікті локомотив паркі болған жағдайда, ол оған тиесілі локомотивтермен басқа тасымалдаушыларға және тасымалдау үдерісіне қатысушыларға локомотивтік тартым операторы ретінде локомотивтік тартым қызметтерін көрсетеді.

22. Тармақ иеленуші темір жол кірме жолының, оның құрылыстары мен құрылғыларының техникалық жай-күйін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қамтамасыз етеді.

23. Тасымалдаушы және жүк жөнелтуші жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шарт жасасуы мүмкін, ол бойынша тасымалдаушы жүкті белгіленген мерзімдерде қабылдауға, ал жүк жөнелтуші – жүкті тасымалдауға уағдаласқан көлемде ұсынуға міндеттенеді.

Жүк тасымалдауды ұйымдастыру туралы шартпен тасымалдаудың көлемдері, мерзімдері, сапасы, көлік құралдарын ұсыну және тасымалдауға жүкті беру шарттары, сондай-ақ өзге де шарттар айқындалады.

Жоспарлау, тасымалдау үдерісін жүзеге асыру, жүкті тасымалдаумен байланысты операциялар тәртібі мен технологиясы, құжаттарды ресімдеу мен актілер жасау, арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу тәртібі көлік саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленеді.

2. Тасымалдарды жоспарлау

24. Темір жол көлігімен жүкті тасымалдау жүк жөнелтушілер облысаралық және халықаралық қатынастарда жоспарланған ай басталғанға дейін 14 күннен кешіктірмей және үшінші елдерге халықаралық қатынаста 20 күннен кешіктірмей ұсынатын жылжымалы құрамды тиістілігі бойынша бөлу арқылы жүктердің номенклатуралық топтарының белгіленген тізбесі бойынша жүк жөнелтушінің айлық өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

Қате ресімделген жүкті тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімдерді тасымалдаушылар қарауға қабылдамайды.

25. Жүкті тасымалдау жоспары бойынша өтінімдерді жүк жөнелтушілер ұсынады.

26. Жүк жөнелтушілер жүкті тасымалдау жоспары бойынша өтінімді ұсынады, жүкті өтінімде көзделген мөлшерлерде уақтылы және бірқалыпты беріп отырады және тиеуді белгіленген мерзімде жүзеге асырады. Жүк жөнелтуші жүкті тасымалдау жоспары бойынша айлық өтінімдерінде жүк алушының жүкті тиеу, түсіру (жүктен босату) бойынша мүмкіндігінен аспайтын көлемді мәлімдейді.

Тасымалдаушы жүкті тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімдерге сәйкес вагондардың жүк тиеудің барлық пункттері бойынша уақтылы және бірқалыпты берілуін қамтамасыз етеді.

27. Үшінші елдерге тасымалдау деп ТМД-ға қатысушы мемлекеттерден, сондай-ақ Латвия, Литва, Эстониядан басқа елдерге межеленген жүкті тасымалдау түсініледі.

28. Үшінші елдерге халықаралық қатынаста жүк тасымалдауды айлық жоспарлауды жүк жөнелтушілер жүктің түрлері және межеленген елдері бойынша теңіз порттары мен шекаралық станциялардың белгіленген мамандандырылуын сақтай отырып, жүктің тиісті түрлерін тасымалдаудың жалпы жоспарлары есебінен жүзеге асырады.

3. Тасымалдау жоспарының орындалуын

есепке алу карточкасын жасау

29. Жүк тасымалдау жоспары бойынша қабылданған өтінімнің орындалуы есепке алу карточкасында ескеріледі. Есепке алу карточкасын тасымалдаушы жүк жөнелту станциясында тасымалдаушы әрбір қабылданған өтінім бойынша жеке жүргізеді. Жүк жөнелтушінің өтініші бойынша оған есепке алу карточкасының көшірмесі беріледі.

Жүк жөнелтушінің меншікті жүйесі және/немесе тасымалдаушының ақпараттық жүйесіне қол жеткізуі болған кезде есепке алу карточкасын жүргізу жүк жөнелтуші мен тасымалдаушы арасында қабылданған ақпараттық өзара іс-қимыл жасау технологиясына және стандарттарына сәйкес ДЭА арқылы автоматты тәсілмен жүзеге асырылады. Қажет болған кезде ДЭА-да заңнамаға сәйкес немесе тараптардың келісіміне сәйкес электрондық цифрлық қолтаңбалар қолданылады.

Есепке алу карточкасына жүк жөнелтуші және тасымалдаушының станциядағы өкілі әрбір есептік тәулік немесе қабылданған өтінімге сәйкес жүктерді тиеу үшін белгіленген тәуліктер аяқталуы бойынша, ал ай аяқталуы бойынша станция бастығы қол қояды. Жүк жөнелтуші есепке алу карточкасына қол қойудан бас тартқан кезде тасымалдаушы жалпы нысандағы актіні жасайды.

30. Есепке алу карточкасын жөнелту станциясында тасымалдаушы қабылдаған жүк тасымалдау жоспары бойынша өтінімнің негізінде ресімдейді. Есепке алу карточкасына өтінім нөміріне сәйкес келетін нөмір беріледі.

31. Жоспарлы ай басталғанға дейін тасымалдаушы жүк жөнелтушімен келісім бойынша бір ай және тәулік ішінде тиеудің біркелкілігін және бірқалыптылығын қамтамасыз ететін жоспардың орындалу тәртібін белгілейді. Жүктерді тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындауды ұйымдастыруға негіз онкүндік өтінімдер болып табылады, оларды жүк жөнелтушілер жүк тасымалдаушыға онкүндіктің күндері бойынша тиеу мөлшерлерінің күнтізбелік кестесімен әрбір онкүндік басталғанға дейін берген күнін қоспағанда, күнтізбелік 3 күн бұрын тасымалдауға береді. Жылжымалы құрамның тиеуге біркелкі берілуін қамтамасыз ету мақсатында бұрын келісілген тәртіп бойынша жүк жөнелтуші онкүндік өтінімде қабылданған жүк тасымалдары жоспары бойынша өтінімнің немесе күнтізбелік жоспардың тиеудің орташа тәуліктік нормасын негізге ала отырып, онкүндік өтінімде осы онкүндікке келетін вагондардың, контейнерлердің санынан кем болмайтын мөлшерін көрсетеді. Көлемдері шамалы болған кезде (5 вагоннан аспағанда) тасымалдаушы вагондарды беруге арналған өтінімдерді жекелеген тәуліктерде қабылдайды.

4. Жүкті тасымалдауға қабылдау

32. Жүктерді тасымалдауға қабылдау қабылдау-тапсыру жолдарында жүзеге асырылады.

33. Жүктерді тасымалдау вагондап, контейнерлік, ұсақ, топтап және маршруттық жөнелтілімдерін жүзеге асырылады.

Тасымалдануы үшін жеке вагон беру талап етілетін, бір көлік темір жол жүкқұжаты (бұдан әрі – жүкқұжат) бойынша тасымалдауға ұсынылатын жүк вагондап жөнелтілім деп есептеледі.

Тасымалдануы үшін бір контейнер беру талап етілетін, бір жүкқұжат бойынша тасымалдауға ұсынылатын жүк контейнерлік жөнелтілім деп есептеледі.

Тасымалдануы үшін жеке вагон немесе контейнер беру талап етілмейтін, бір жүкқұжат бойынша тасымалдауға ұсынылатын жүк ұсақ жөнелтілім деп есептеледі.

Тасымалдануы үшін бір вагоннан артық, бірақ маршруттың жөнелтілімнен кем беру талап етілетін, бір жүкқұжат бойынша тасымалдауға ұсынылатын жүк топтап жөнелтілім деп есептеледі.

Тасымалдануы үшін массасы немесе ұзындығы бойынша маршруттар үшін белгіленген нормаларға сәйкес келетін мөлшерде вагондарды беру талап етілетін, бір жүкқұжат бойынша тасымалдауға ұсынылатын жүк маршруттың жөнелтілім деп есептеледі.

5. Жүктерді беру

34. Тасымалдаушы шартқа сәйкес жүк алушыға жүктердің оның мекенжайына келіп қалғаны туралы алдын ала ақпарат ұсынуы мүмкін. Хабарлама тәсілі шартпен белгіленеді.

35. Тасымалдаушы жүк алушыны межелі станцияда жүктердің оның мекенжайына келгені туралы келген күнінен кейінгі тәуліктің күндізгі уақытындағы сағат 12 кешіктірмей хабардар етеді.

Межелі станцияға келген жүктер туралы хабарламаның тәртібі мен тәсілдерін тасымалдаушы белгілейді. Тасымалдаушының жүк алушымен шарты бойынша хабарламаның өзге тәртібін белгілеуге рұқсат етіледі. Хабарлама үшін қолда бар байланыс құралдары пайдаланылады.

Хабарлама үшін шығыстарды өтеу тасымалдаушының жүк алушымен шартында анықталады. Жүк алушының хабарламаларды қабылдауын қамтамасыз ету үшін хабарламаларды қабылдау бойынша жауапты адамдар анықталады, олардың фамилиялары және телефондарының,

факстарының, телекстерінің нөмірлері жазбаша нысанда тасымалдаушыға хабарланады. Хабарламаны беру тапсыру станцияда жүктердің келгені туралы хабарламалар кітабында белгіленген нысанда бір уақытта тіркеледі.

Жүктің келуі туралы хабарламаға хабарламаны тапсыру күні мен уақыты жазылады.

Егер тасымалдаушы жүктердің келгені туралы хабарламаса, онда жүк алушы вагондарды, контейнерлерді пайдалану үшін төлемақыдан және жүктердің келгені туралы хабарламаны алғанға дейін оларды сақтау үшін алынатын алымдардан босатылады.

36. Кедендік бақылаудағы жүктердің межелі станцияға келгені туралы тасымалдаушы кеден органдарын хабардар етеді.

37. Жүк алушы өзінің мекенжайына келген жүкті қабылдауды және тасымалдаушыға тиесілі төлемдерді төлеуді қамтамасыз етеді.

Жүк алушының оның мекенжайына келген жүктерді қабылдаудан бас тартуына жол берілмейді..

38. Жүктерді вагондар мен контейнерлерден түсіруді жүк алушы жүзеге асырады. Қабылдау-тапсыру операциялары түсіру орнында жүргізіледі.

6. Вагондар мен контейнерлерді пломбалау үшін бекіту-пломбалау құрылғыларын қолдану

39. Тасымалданатын жүктердің сақталуын және бөтен адамдардың кіруін болдырмауды қамтамасыз ету мақсатында тиелген вагондар мен контейнерлер:

- 1) тасымалдаушының, жүкті ол тиегенде немесе жол бойында қайта тиегенде;
- 2) жүк жөнелтушінің, жүкті жүк жөнелтуші тиегенде;
- 3) порттың, кемежайдың, жүкті, порт кемежай жүру жолында порт қайта тиегенде және олар жүк жөнелтуші болып табылғанда;
- 4) жүру жолында Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына және теміржол көлігі туралы заңнамаға сәйкес тексеру үшін ашқан кезде кеден органдарының бекіту-пломбалау құрылғыларымен пломбалау.

Бұл ретте кеден органдарының бекіту-пломбалау құрылғылары жөнелтушінікіне теңестіріледі.

40. Бекіту-пломбалау құрылғылары (блок қою құрылғыларымен біртұтас конструкцияда орналастырылған бақылау элементтері) вагонның, контейнердің тұтастығын бұзбай олардан алу мүмкіндігіне жол бермеуі тиіс.

41. Бекіту-пломбалау құрылғыларын орнату вагондардың, контейнерлердің ақаусыз бекіту құрылғыларына бекіту-пломбалау құрылғыларында жазылған ақпаратты кедергісіз көзбен шолып оқу мүмкіндігін қамтамасыз ете отырып жүргізіледі.

Бекіту-пломбалау құрылғылары мыналарға орнатылады:

- 1) әмбебап жабық вагонда – вагонның әрбір жағынан есіктердің жапсырмаларында – бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы;
- 2) цистернада – жоғарғы жүк тиеу люгінің қақпағында – осы Қағидада пломбалаудың ерекше тәртібі көзделген жағдайларды қоспағанда, бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы;
- 3) астыққа арналған жабық хоппер-вагонда – тиеу люгін бекітетін, түсіру люгі мен қарнақтың әрбір штурвалының бекіту құрылғысында бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы;
- 4) минералды тыңайтқыштарға арналған жабық хоппер-вагонда - тиеу люгін бекітетін, түсіру люгі мен қарнақтың әрбір штурвалының бекіту құрылғысында бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы;

5) цементке арналған жабық хоппер-вагонда – әр жүк түсіру люгінің әрбір штурвалының бекіту құрылғысында және әрбір тиеу люгінде – бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы;

6) жеңіл автомобильдерді тасымалдауға арналған жабық вагонда – әрбір бүйірдегі алаңы мен өту алаңы есіктерінің бекіту құрылғыларында – бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы;

7) контейнерлерде – мамандандырылған изотермиялық вагонда соңғы жабылатын есіктің оң жармасында сол жақта орналасқан тұтқаға бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы – баспа тақтайшалармен және бекіту құрылғысының иінтірегімен жабдықталған есіктерде, вагонның әрбір жағынан – бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы немесе –вагонның әрбір жағынан пломбалау үшін төменгі құлақшалармен жабдықталған есіктерде – бір-бір бекіту-пломбалау құрылғысы.

Вагондардың басқа үлгілерінде бекіту-пломбалау құрылғыларын орнату оларды пломбалау үшін арнайы көзделген орындарда немесе түйіндерде жүргізіледі.

Егер цистерналардың конструкциясы төменгі ағызу аспабын ашуға жоғарғы тиеу люгінен ашпастан жол берілмейтін болса, олардың төменгі ағызу аспаптары пломбаланбайды.

Бекіту-пломбалау құрылғылары мынадай белгілерден тұрады:

- 1) темір жол әкімшілігінің әріптік қысқартылған атауы;
- 2) кемінде алты белгіден тұратын дербес бақылау белгісі;
- 3) дайындаушы кәсіпорынның тауарлық белгісі;
- 4) бекіту-пломбалау құрылғысының шығарылған жылының соңғы саны;
- 5) бекіту-пломбалау құрылғысының атауы.

Бірдей, сондай-ақ анық емес және толық емес дербес бақылау белгілерімен бекіту-пломбалау құрылғыларын қолдануға рұқсат етілмейді.

Дербес қадағалау белгісі салынған бекіту-пломбалау құрылғысы дайындаушының, жүк жөнелтушінің, тасымалдаушының (олар бекіту-пломбалау құрылғыларын қолданған кезде) қатаң есепке алуына жатады. Пайдаланылған бекіту-пломбалау құрылғыларын тасымалдаудан кейін жүк алушы пайдаға асырады.

7. Жүкқұжатты және тасымалдау құжаттарын ресімдеу

42. Жүктерді вагондап және ұсақ жөнелтімдермен тасымалдау жүкқұжатпен немесе мынадай:

- 1) жүкқұжаттың түпнұсқасынан (жүкпен бірге жүреді және тасымалдаушы жүк алушыға береді);
- 2) жол тізімдемесінен (жүкпен бірге жүреді және тасымалдаушыда межелі станцияда қалады);
- 3) жол ведомосі түбіртегінен (жөнелту станциясында тасымалдаушыда қалады);
- 4) жүкті қабылдау туралы түбіртекпен (жүк жөнелтушіде қалады) тұратын құжаттармен ресімделеді.

Тасымалдау құжаттары жөнелту станциясынан межелі станцияға дейін поезд құрамындағы вагонның (контейнердің) барлық жүру жолында жүкпен бірге және тасымалдаушы өкілінде болады.

8. Жаппай тиелетін жүктерді бір жүкқұжатпен

маршруттық және топтама вагондармен тасымалдау

43. Тасымалдауға вагондар топтарымен берілетін жүктер мынадай шарттар сақталған кезде:

- 1) жүктер біртекті болғанда;
- 2) тиеу және түсіру клиенттің кірме жолдарында жүргізілгенде;

- 3) жүктерді жөнелтуді бір жүк жөнелтуші бір жөнелту станциясында ұсынғанда;
 - 4) жүкті жөнелту бір жүк алушының мекенжайына бір межелі станциясына жіберілгенде;
 - 5) жүк жөнелтуші, жүк алушы немесе тасымалдаушы жүктің массасы мен вагондардың санын жол жүру барысында өзгертпегенде бір жүкқұжатпен ресімделеді.
44. Жөнелтілім маршрутты қалыптастырған кезде маршруттың ядросы да, маршруттың тіркеме бөлігіндегі вагондардың әрбір тобы да, сондай-ақ маршруттың тіркеме бөлігіндегі әрбір дара вагон жеке жүкқұжатпен ресімделеді. Жолсерік алып жүретін жануарларды вагондар тобымен тасымалдауды бір жүкқұжатпен ресімдеуге рұқсат етіледі.

9. Құндылығы жарияланған жүктерді тасымалдау

45. Жүк жөнелтушілер қажет болған жағдайда тасымалдауға дайындалған жүктерді олардың құндылығын жариялай отырып береді.

46. Мынадай жүктерді тасымалдауға ұсынған кезде құндылығын жариялау міндетті:

- 1) алтын, күміс және платина, сондай-ақ осылардан жасалған бұйымдар;
- 2) бағалы тастар;
- 3) бағалы терілер, мысалы, құндыз, көгілдір түлкі, ақкіс, ақсусар, қаракүзен, қамшат, қаракөл елтерісі, итбалық, мысық, қара буырыл түлкі жаға, скунс, бұлғын және осы бағалы терілерден жасалған бұйымдар;
- 4) түсірілген фильмдер;
- 5) суреттер;
- 6) мүсіндер;
- 7) көркемдік бұйымдар;
- 8) антикварлық заттар;
- 9) үй заттары.

Жүкқұжатта жарияланған құндылықтарымен үй заттарын тасымалдау кезінде жүк жөнелтуші олардың тізімдемесін үш данада әрбір жүк орнына (жәшік және т.б.) орналастырылған үй заттарының атауын, санын және құнын көрсете отырып жасайды.

Тізімдемеде орындардың жалпы саны және үй заттарының жалпы құны көрсетіледі, ол жүкқұжатта жарияланғанмен сәйкес келуі тиіс. Тізімдеменің бірінші данасы жөнелту станциясында, екіншісі – жүк жөнелтушіде қалады, үшінші дана үй заттарына салынуы және онымен бірге межелі станцияға дейін келуі тиіс.

Ақтарма, үйілме, құймалы түрде, ашық жылжымалы құрамда, жолсеріктермен, жүк жөнелтушінің бекіту-пломбалау құрылғыларымен тасымалданатын, сондай-ақ тез бұзылатын және қауіпті жүктердің құндылығын жариялауға жол берілмейді. Сондай-ақ бір жүкқұжатпен тасымалданатын жүктің бір бөлігінің құндылығын жариялауға рұқсат етілмейді.

Жүктердің құндылығын жариялау жүк жөнелтушінің тілегі бойынша ғана жүргізілуі мүмкін.

10. Тасымалдау және тасымалдау төлемі бойынша есептер

47. Жүктерді тасымалдау, жүкті алып жүретін жолсеріктердің жол жүруі, тиеу, түсіру, тасымалдаушының құралдарымен таразылау, сақтау үшін төлемдер және осы Қағидада және тасымалдаушының тарифтік басшылығында белгіленген тасымалдаулармен байланысты өзге де төлемдер мен алымдарды төлеуші жөнелту станциясында тасымалдаушының тауарлық кассаға жүк есепке алу түбіртегі бойынша немесе тасымалдау құжаттарын өңдеудің технологиялық

орталықтары немесе электрондық төлемдер жүйесі арқылы орталықтандырып қолма-қол ақшамен төлейді.

48. Вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемдерді:

1) тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыс үшін тасымалдау қағидаларында белгіленген уақытты қоса алғанда, жүк жөнелтушілерде, жүк алушыларда, тармақ иеленушілерде вагондар, контейнерлер болған уақыт ішінде;

2) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінәсынан магистральдық, станциялық жолдарда вагондар мен контейнерлердің бос тұрған уақыты үшін тасымалдаушы, ал тиісті шарты болған кезде вагондар, контейнерлер иелеріне жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші төлейді

Жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, тармақ иеленушілер вагондар (контейнерлер) иелері магистральдық, станциялық жолдарда, сондай-ақ концессия шарттары бойынша темір жолдарда, тасымалдаудың технологиялық үдерісінің бұзылуына әкелген олардың кінәсынан болған вагондардың бос тұрғаны үшін (контейнерлердің кешіккені) көрсетілген жолдардың иелеріне олар орналасқан уақыты үшін төлемдерді тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

Төлем мөлшерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленеді.

49. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші тасымалдаушыға магистральдық, станциялық жолдарда вагондар мен контейнерлердің олардың кінәсынан болған барлық бос тұрған уақыты үшін магистральдық темір жол желісі операторының Тарифтік басшылығына сәйкес есептелетін, магистральдық темір жол желісі операторына төленуге жататын шығыстарды өтейді.

50. Тасымалдаушының, жүк алушылардың және тасымалдау үдерісіне басқа да қатысушылардың кінәсынан магистральдық, станциялық жолдарда вагондар мен контейнерлердің болу уақыты вагондардың жолдарға орналасқан сәтінен бастап жолдарды босатқан сәтке дейін есептеледі.

51. Жүк алушы жүктерді уақытында түсірмеген (тиемеген) кезде тасымалдаушы жүктерді түсірудің (тиеудің) технологиялық уақытынан тыс жиырма төрт сағаттан астам кідірілген вагондар мен контейнерледі пайдаланғаны үшін төлемақыны ұлғайтады, бірақ он реттен көп емес.

Вагондардың бос тұрған жағдайда вагондар мен контейнерлерді пайдаланғаны үшін ұлғайтылған төлемақы мөлшері станцияда төлемақыны ұлғайту туралы хабарландыру ілінгеннен кейін енгізіледі.

11. Вагондарды беру-алып кету шарттарын жасасу және мұндай шарттардың міндетті талаптары

52. Кірме жолдар жүк жөнелтушілерге және жүк алушыларға қызмет көрсетуге арналған.

53. Вагондарды беру-алып кету 5 жыл мерзімге жасалатын вагондарды беру-алып кету шарттары бойынша, ол 1 жылдан аспайтын мерзімге жасалатын вагондарды беру-алып кету шарттарына біржолғы келісімдер немесе тасымалдаушының жергілікті актілері (бұйрықтары) бойынша жүзеге асырылады.

54. Локомотивтің тиесілігіне қарай мұндай жолдарға қызмет көрсетумен байланысты шарттардың мынадай түрлері:

1) вагондарды беру-алып кету шарттары – меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде кірме жолы және локомотиві бар тасымалдаушы мен тармақ иеленуші, жүк жөнелтуші (жүк алушы) арасында;

2) вагондарды беру-алып кету шарты – оларға магистральдық темір жол желісі операторының немесе тасымалдаушының локомотивтерімен қызмет көрсету кезінде тасымалдаушы мен тармақ

иеленуші немесе контрагент арасында жасалады.

55. Вагондарды беру-алып кету шарттарын түйісу станциясының жұмыс технологиясын және кірме жолдың жұмыс технологиясын, ал тиісті жағдайларда – кірме жол мен түйісу станциясы жұмысының бірыңғай технологиялық үдерістерін ескере отырып, тасымалдаушы немесе тармақ иеленуші әзірлейді.

12. Тиеу және түсіру (жүктен босату) мерзімдері

56. Технологиялық тиеу, түсіру уақыты:

- 1) жүк станциясы жұмысының технологиялық үдерісін әзірлегенде;
- 2) кірме жол мен түйісу станциясы жұмысының бірыңғай технологиялық үдерісін әзірлегенде;
- 3) кірме жолдағы вагон айналымының технологиялық уақытын (мерзімін) есептегенде;
- 4) кірме жолға/дан вагондарды беру-алып кету жүзеге асырылатын уақыт интервалын есептегенде;
- 5) жүк жөнелтуші жүк тасымалдауға арналған өтінімді тиеу мөлшерінің жүк алушының жүктен босату мүмкіндігіне сәйкес келуі бөлігінде ресімдеген кезде ескеретін, кірме жолдың артық жұмыс жасау қабілетін анықтағанда пайдаланылады.

57. Тиеу-түсіру операцияларын орындауға арналған технологиялық уақыт вагондарды беру-алып кету шарттарында ескеріледі.

13. Жеткізу мерзімдері

және жеткізу мерзімдерін есептеу қағидалары

58. Жүктерді, сондай-ақ меншікті (жалға алынған) бос вагондарды жеткізу мерзімдері тасымалдау төлемақысы есептелетін қашықтықты негізге ала отырып, жөнелту станциясынан межелі станцияға дейінгі жүкті жылжытуға арналған уақыт нормасы; жүктің жөнелтілуімен және келуімен, оның учаскелер бойынша ауыстырылуымен байланысты операцияларға арналған нормалардан және қосымша операцияларға арналған уақыт нормаларынан құрылады, тәулікпен есептеледі.

59. Жүктерді жеткізу мерзімдерін есептеген кезде толық емес тәуліктер толық ретінде есептеледі.

60. Жүкті жеткізу мерзімін есептеу жүкқұжат пен жүкті қабылдау туралы түбіртекте тасымалдаушының күнтізбелік мөртаңбада көрсетілген тасымалдауға жүкті қабылдаған күнінің 24 сағатынан бастап басталады.

61. Жүкті жеткізу мерзімінің өткен күнін тасымалдаушы жөнелту станциясында тасымалдау құжаттарында, оның ішінде жүк жөнелтушіге берілетін жүкті қабылдау туралы түбіртекте көрсетеді.

62. Вагондар топтамасынан жөнелтуді қоса алғанда, жеке вагондар берілген жүктерді жеткізу мерзімдері вагондап жөнелтулер үшін белгіленген тәуліктік жүріс нормаларын негізге ала отырып есептеледі.

Бір вагонда біреуден көп станцияға межеленген бір жөнелтілімнен артық жүктерді тасымалдаған кезде жеткізу мерзімі ұсақ жөнелтілімдер үшін белгіленген тәуліктік жүріс нормаларын негізге ала отырып есептеледі.

63. Жөнелтімдік маршруттармен жүктерді тасымалдау кезінде жүктерді жеткізу мерзімдері маршруттық жөнелтімдер үшін белгіленген тәуліктік жүріс нормаларын негізге ала отырып есептеледі. Бұл мерзімдер:

- 1) тасымалдаудың барлық қашықтығына маршруттық жөнелтімдер үшін белгіленген жүрістің тәуліктік нормасын негізге ала отырып – жүк жөнелтуші бір жөнелту станциясында бір межелі станцияға тиелген тура маршруттар үшін;

2) маршруттық жөнелтілімдер үшін белгіленген жүрістің тәуліктік нормасын негізге ала отырып - жөнелту станциясынан бөліп-бөліп жіберу (тарату) станциясына дейінгі қашықтыққа жеке және вагондар жөнелтілімдер үшін белгіленген жүрістің тәуліктік нормасын негізге ала отырып, бөліп-бөліп жіберу (тарату) станциясынан межелі станцияға дейін жеке бөліп-бөліп жіберу (тарату) станцияларына бағыттталатын жөнелтілімдік маршруттар үшін, бұл ретте қашықтықтың нормативтік белдемесі болып тасымалдаудың қалған қашықтығы есептеледі;

3) маршрут құрамында ядро тек көрсетілген ядроға енгізілген вагондар үшін маршруттық жөнелтілімдер үшін тәуліктік жүріс нормасын негізге ала отырып (жүру жолында поезд салмағы өзгерген жағдайда межелі станцияға дейін қайта құрастырусыз келетін белгіленген салмақтағы жөнелтілімдік маршруттың негізгі бөлігі) бар болған кезінде есептеледі.

14. Жүктерді сақтау

64. Жүктерді:

1) жүктерді тиеуді және түсіруді орындауға арналған станция жолдарында тиеу және түсіру орындарында;

жүкті тиеу тағайындалған күннен ерте тасып әкелген кезде, сондай-ақ тағайындалған күннен ерте тасып әкелінген жүкті жүкжөнелтушінің талабы бойынша тасымалдау болмаған немесе кейінге қалдырылған жағдайда;

тиеуді жүзеге асыру кезінде және тасымалдау құжаттарын ресімдеуді күтуде вагондардың бос тұрған кезінде;

2) вагондардағы, контейнерлердегі және жүк алушының күштерімен түсіруге жататын, сондай-ақ станциялық жолдарда тұратын, өздерінің осьтерііндегі жүктерді сақтауға рұқсат етіледі.

65. Жүктерді сақтау үшін сақтаудың шекті мерзімдері (уақыты) белгіленеді. Жүкті шекті сақтау мерзімі жүк тасымалдаушының құралдарымен түсірген (жүктен босатқан) сәттен немесе вагонды, контейнерді жүк алушының құралдарымен түсіру орнына берген сәттен бастап есептеледі.

Жүкті тасымалдаушының құралдарымен түсіру (жүктен босату) немесе вагонды, контейнерді жүк алушының құралдарымен түсіру орнына беру күні көліктік темір жол жүкқұжаттың (бұдан әрі - жүкқұжат) екінші жағында станцияның күнтізбелік мөртаңбаны қою жолымен көрсетіледі.

Жүк алушыға тәуелді себептер бойынша жүктің жалпы пайдалану орындарында тұрып қалуынан туындаған оның бұзылуына мүліктік жауапкершілік жүк алушыға жүктеледі.

66. Жүкті сақтау үшін тасымалдаушының Тарифтік басшылығында (прейскурантта) көрсетілген алым өндіріп алынады.

15. Жүктерді ұстап қалу, өткізу,

жүктерді мемлекеттік органдарға беру

67. Тасымалдаушы мынадай салдарлардан жүк алушыға жеткізу немесе беру мүмкіндігі болмаған кезде жүкті ұстап қалады немесе өткізеді:

одан әрі тасымалдау кезінде жүктің мүмкін болатын бұзылуы немесе жоғалуы;

тағайындалған станция ауданында жоқ жүк алушының мекенжайына келген жүкпен не істеу керектігі жайында жүкжөнелтушінің нұсқауларын алмауы;

шартта көзделмеген жүкті жеткізу;

оның кімге тиесілі екендігін анықтау мүмкін болмаған (құжатсыз) жүктің табылуы;

жүк тасымалына ақы төлеуден және тасымалдаушыға тиесілі өзге де төлемдерден жүк алушының

жалтаруы;

станцияда жүктің шекті сақтау мерзімдерімен артық болуы.

68. Жүкті өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Тасымалдаушы Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жүктерді беруді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізеді.

16. Жүкті басқа мекенжайға жіберу,

жүкжөнелтушіге қайтару

69. Тасымалдаушы жүкжөнелтушінің немесе жүк алушының өтініші бойынша тасымалдау құжаттарында көрсетілген жүк алушыны және/немесе межелі станцияны өзгерту арқылы тасымалданатын жүкті басқа мекенжайға жібере алады. Тасымалданатын жүкті басқа мекенжайға жіберу туралы өтінішті жүкжөнелтуші немесе жүк алушы тасымалдаушының мекенжайына жазбаша түрде (соның ішінде факс, телетайп және телеграф бойынша) беріледі.

70. Тасымалдаушының жүкті басқа мекенжайға жіберуі межелі станцияға немесе жүру жолында жүргізілуі мүмкін.

Габариттік емес және ауыр салмақты жүктерді басқа мекенжайға жіберу темір жолдарда габаритті емес және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау бойынша нұсқаулықтың талаптарын ескере отырып жүргізіледі.

71. Кедендік бақылауда тұрған жүкті басқа мекенжайға жіберу тиісті кеден органдарының келісуі кезінде жүргізіледі.

72. Тасымалдаушы:

жүктің тиісті емес жүк алушының мекенжайына келуі;

тасымалдау шартында көрсетілген жүк алушының жүкті алудан бас тартуы;

жүк алушының жүкті алу бойынша міндеттемелерін орындаудан жалтаруы;

төрт тәулік (тез бұзылатын жүктерге қатысты - екі тәулік) ішінде жүкжөнелтушіден жүк жөнінде өкімнің болмауы;

тасымалдаушыға тәуелсіз себептер бойынша жүру жолында жүгі бар вагондар мен контейнерлердің кідіруі және жүктің одан әрі жүруі мүмкін болмауы жағдайында, жүкті жүкжөнелтушіге оның есебінен қайтарады.

17. Үйіп және ақтара тасымалдау

73. Ұнтақтар, түйірлер, түйіршектер, капсулалар түріндегі ұн фракциялық құрауыштың (бөлшектер, бөліктер) бір текті массасы болып табылатын жүктер үйіп тасмалданады.

74. Сусымалық қасиетке ие емес және орнын ескермей тасымалданатын бір текті емес фракциялық құрамы бар жүктер ақтара тасымалданады.

75. Атмосфералық жауын-шашыннан және тозаңдатудан қорғауды талап ететін жүктер мамандандырылған жабық вагондарда (мысалы, ұн таситын вагондарда, астық таситын вагондарда, цемент таситын вагондарда, минерал таситын вагондарда), мамандандырылған контейнерлерде тасмалданады. Жүктерді буып-түйілген түрде үйіп тасмалдау үшін жабық вагондар пайдалануы мүмкін.

76. Атмосфералық жауын-шашыннан қорғауды талап ететін жүктер ашық жылжымалы құрамда үйіп және ақтарып, оның ішінде мамандандырылған ашық вагондарда (мысалы, думпкалар, хоппер-дозаторлар) тасымалданады.

18. Ашық жылжымалы құрамда тасымалдау

77. Ашық жылжымалы құрамда (ашық вагон, платформа) тасымалдауға өздерінің өлшемдері мен массалары бойынша вагондардың басқа түрлеріне, контейнерлерге тасымалдануы мүмкін емес (ыдыстық-дана жүктерге, атмосфералық жауын-шашыннан қорғауды талап етпейтін үйіп және актара тасымалданатын жүктерге жол беріледі.

78. Ашық жылжымалы құрамның түрін жүк жөнелтуші тасымалданатын жүктің түріне, тиеу, түсіру (босату) жағдайына, оларды жүргізу үшін құрылғылар мен механизмдердің болуына байланысты таңдайды. Тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізу вагондардың, контейнерлердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша талаптардан тұратын нормативтік-техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес орындалады.

19. Жолсеріктердің алып жүруіндегі тасымалдау

79. Жүкжөнелтушілердің, жүк алушылардың жолсеріктерін алып жүруімен мынадай жүктер вагон-вагондық жөнелтілімдермен тасымалданады:

малдар;

құс пен аралар;

тірі балық пен балық өсіру материалдары (шабақтар);

өсімдіктер мен тірі гүлдер;

тасымалдаған кезде арнайы қызмет көрсетуді (жылытуы, желдетуді, күтімді) талап ететін тез бұзылатын және азық-түлік жүктері;

шарап, мамандандырылған жылжымалы құрамда құйылып тасымалданатын шарап материалдары мен коньяк спирті (изотермиялық цистерна-вагондарда, термос-цистерналарда);

ашық жәшіктерде шарап, арақ, коньяк;

мұражайлық және көнекөздік құндылықтар;

жұмыс істемейтін жай-күйде өздерінің осьтерімен тасымалданатын темір жол жылжымалы құрамы (тепловоздар, электровоздар, паровоздар, мотовоздар, вагондар, оның ішінде арнайы тағайындалған және өздігінен жүретін автодрезиналар, автомотрисалар, дизельпоездар мен электропоездардың вагондары, жылжымалы жүккөтергіш крандар, электрстанциялар, энергопоездар және теміржол жолындағы тағы басқа жабдықтар);

локомотивтердің тендерлері;

тар жолтабанды темір жол көлігіне арналған платформаларда тасымалданатын локомотивтер; пайдалануда болған автомобильдер, тракторлар, барлық атаулардағы моторландырылған машиналар, оның ішінде жөндеуге баратын және жөндеуден шыққан;

арнайы автомобильдер, мамандандырылған автомобильдер мен автоцистерналар (оның ішінде мұнай өнімдерін, су, сұйытылған газ тасымалдау үшін және отынқұйғыштар), арнайы шанақты автомобильдер; ветеринариялық қызметтің, халыққа мәдени және тұрмыстық қызмет көрсетудің автомобиль-фургондары;

зертхана автомобильдерді қоса алғанда, автомобильдердегі жылжымалы шеберханалар;

техникалық көмек автомашиналары, өрт машиналары, автобетонараластырғыштар, тозаңдатқыштары бар жол жинауға арналған автомобильдер; ренген, жедел жәрдем, ренаимациялық және арнайы жабдықтармен жарақталған басқа автомобильдер;

жүру жолында ішінара түсіру немесе тиеу арқылы тасымалданатын жүктер;
қауіпті жүктердің жекелеген түрлері.

20. Жөнелтілімдік маршруттармен тасымалдау

80. Жүк тасымалдарын жөнелтушілік маршруттау жүктердің жеткізу мерзімдерін қысқартуға, вагондардың айналымын тездетуге, станцияларда олардың қайта өңдеу көлемін азайтуға, материалдық құралдарды үнемдеуге, тасымалдар кезінде жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін жағдай жасауға ықпал етеді және кірме жолда маршруттық жөнелтуші тасымалдарын қалыптастырған кезде тасымалдаушы мен жүкжөнелтушінің арасында өзара тиімді жағдайларды қамтамасыз етеді.

81. Жөнелтушілік маршруттау мыналарға негізделеді:

1) жүк ағындарын шоғырландыру жолымен:

тұтынушыларды жеткізушілерге және түсіру (босату) аудандарын тиеу учаскелеріне тиімді бекітуді қамтамасыз ету;

жеке маршруттық мақсаттарға жаппай жүктерді тиеуді шоғырландыру;

бір жүкжөнелтушінің бір станциядан мақсаттары бойынша жүктерді тиеудің күнтезбелік жоспарлауы;

кәсіпорындардың кірме жолдарында немесе бір жүкжөнелтуші станциясының жолдарында белгілі мақсаттағы вагондардың шоғырлануы;

2) тарату станцияларына арналған маршруттарды ұйымдастыру кезінде жүк поездарын құрастыру жоспарын сақтау және жөнелтуші маршруттарды немесе олардың негізін толық құрамда құрастыру станциясынан межелі станцияға дейін сақталып өткізілуін қамтамасыз ету;

3) жүкжөнелтушілердің, жүк алушылардың, тасымалдаушылардың және магистральдық темір жол желісі операторының техникалық құралдарын ұтымды пайдалану;

4) маршруттық тасымалдауды ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін тұрақты жетілдіру.

21. Шағын және шағынтонаждық

жөнелтілімдермен тасымалдау

82. Шағын және шағынтонаждық жөнелтілімдермен тасымалдауға ұсынылатын жүктің көлемі (бұдан әрі – шағын жөнелтілім) вагон сыйымдылығының үштен бірінен аспайды.

83. Жүктің шағын жөнелтіліммен тасымалдауға ұсынған жалпы массасы 20 тоннадан аспайды.

Бұл ретте жүктің (табандықта немесе төсемде орналастырылатын пакеттелмеген және пакеттелген) бір орнының массасы мынаны құрайды:

жабық вагонда тасымалданатын жүктер үшін - 36 кг-дан кем емес және 1500 кг-дан артық емес;

ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктер үшін – 150 кг-дан кем емес және 10 тоннадан артық емес.

84. Шағын жөнелтіліммен тасымалдауға ұсынылатын жүктің бір орнының ұзындығы мынаны құрайды:

жабық вагонда тасымалданатын жүктер үшін - 2 метрден артық емес;

ашық жылжымалы құрамда тасымалданатын жүктер үшін - вагондарда жүктерді орналастыру мен бекітудің техникалық шарттарына сәйкес.

85. Жүктерді шағын жөнелтілімдермен тасымалдау осы жөнелтілімдерді қабылдау және беру үшін ашылған станциялар арасында жүзеге асырылады.

Бір теміржол торабының әртүрлі станцияларына межеленіп жүретін жүктерді шағын жөнелтілімдерді бір вагонға тиеуге рұқсат етілмейді.

86. Тасымалдаушы жүктерді шағын жөнелтілімдермен жүру жолында жүктерді сұрыптамай (тура құрама вагондар) бір станцияға бірнеше жүкжөнелтушінің шағын жөнелтілімдерді тиелетін құрама вагондарда тасымалдайды.

87. Шағын жөнелтілімдермен жүктерді тасымалдауға қабылдау жүктерді тасымалдауға арналған өтінімнің негізінде жалпы пайдаланымдағы орындарда немесе кірме жолдарда жүргізіледі.

88. Шағын жөнелтілімдер әрбір жүк орнына жүкжөнелтуші жөнелтуші, арнайы және темір жол таңбаларын салады.

22. Контейнерлерде және көліктік пакеттерде тасымалдау

89. Контейнерлер азық-түлік және халық тұтынатын өндірістік тауарларды, өндірістік және басқа ұйымдарды материалдық-техникалық жабдықтау заттарын, азаматтардың үй заттарын және контейнерге жарамды басқа жүктерді ыдыссыз әрі қаптамасыз, алғашқы қаптамада немесе жеңілдетілген ыдыста және қаптамасыз қосымша бекітумен тасымалдауға арналған.

Контейнерлерде тез бұзылатын және қауіпті жүктерді тасымалдауға рұқсат беріледі.

Жүкжөнелтушілердің, жүк алушылардың, тасымалдаушылардың, өзге де адамдардың оларға тиесілі емес контейнерлерді тасымалдар үшін пайдалануына, оның ішінде мұндай контейнерлердің иесінің рұқсатынсыз жүктерді сақтауына, егер тиісті шарттармен өзгесі белгіленбесе, рұқсат етілмейді.

90. Контейнерлердің белгіленген үлгідегі таңбасы бар, барлық ірітоннаждық контейнерлерге ҚКК тақтайшасы (оны пайдаланудың қауіпсіздігін куәландыратын) және КБК тақтайшасы (оның жүктерді кедендік бақылаумен тасымалдауға жарамдылығын растайтын), сондай-ақ кезекті куәландыру немесе жөндеу мерзімі көрсетілген трафареттер бекітіледі.

91. Жаңадан жасалған және темір жолдар бойынша тасымалдауға алғашқы ұсынылған мамандандырылған контейнерлер Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген техникалық талаптарға сәйкес келуі тиіс.

92. Контейнерді таңбалауға қатысты талаптарды сақтау үшін тасымалдаушының алдындағы жауапкершілік оның иесіне жүктеледі. Тиісті таңбалау болмаған кезде контейнерлер тасымалдауға қабылданбайды.

23. Мұзданып тоңазыған жүктерді тасымалдау

93. Мұзданып тоңазыған жүктерге үйіп тасымалданатын жүктер жатады, олар сыртқы ауаның температурасы 00-тен төмен болған кезде жүк бөлшектерінің өзара мұзданып тоңаздануы және олардың вагонның шанағының еденіне және қабырғаларына мұзданып қатуы салдарынан өздерінің әдеттегі сусымалы қасиетін жоғалтады.

94. Жүктің мұзданып тоңазуына кедергі болатын алдын алу шараларын қолдану міндетті жылдың суық кезеңі басталғанға дейін жүк алушы мен жүк жөнелтуші тиісті дайындық жүргізеді, ол бірінші кезекте мұзданып тоңазыған жүктерді түсіру пункттерінде алдын алу құралдарының қажетті қорын жасауды, үйілме жүктердің және тиеу кезінде вагондар шанақтарының, сондай-ақ түсіру пункттерінде мұзданып тоңазыған жүктердің сусымалығын қалпына келтіру үшін механизмдер мен құрылғылардың алдын алуды жүргізу үшін қондырғыларды жөндеуді жүзеге асыруды көздейді.

95. Тасымалдаушы тиеу орындарында жүк жөнелтушінің тасымалдауға мұзданып тоңазыған жүктер

мен жылжымалы құрамды дайындау қағидаларының сақтауын таңдап тексереді.

96. Мұзданып тоңазуға ұшыраған жүктерді тасымалдауға ұсынғанға дейін жүк жөнелтуші олардың мұзданып тоңазуына қатысты МемСТ-тарда, техникалық шарттарда белгіленген қауіпсіз шектерге дейін өнімге ылғалдылығын азайтуға шаралар қабылдайды.

97. Қауіпсіз шектерге дейін үймелі жүктің ылғалдылығын кемітуге мүмкіндік болмаған кезде жүк жөнелтуші осындай жүкті жылдың суық мерзімінде вагондарға тиеген кезде тиісті алдын алу құралдарын қолдану жолымен оның мұзданып тоңазуын және вагонның қабырғалары мен еденіне мұзданып қатып қалуын болдырмау жөнінде шаралар қабылдайды.

Мұзданып тоңазуға қарсы алдын алу шаралары мен құралдарын порттар (кемежайлар), егер олар жүкжөнелтушілер болып табылса қолданады. Бұл жағдайда порт (кемежай) жүкқұжатта белгі жасайды.

98. Үйіп тасымалданатын жүктердің мұзданып тоңазуына қарсы алдын алу шаралары 15 қарашадан бастап 15 наурызға дейін жүргізіледі.

99. Алдын алу құралдарын қолдану жеткілікті дәрежеде тиімді болмаған жағдайларда жүк жөнелтуші түсіру пунктінде жүктің сусымалылығын қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайды.

24. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдау

100. Тез бұзылатындарға темір жол көлігімен тасымалдау кезінде оларға сыртқы ауаның жоғары немесе төмен температурасының әсер етуінен қорғауды, жүру жолында күтуді немесе ерекше қызмет көрсетуді талап ететін жүктер жатады.

Тез бұзылатын жүктер изотермиялық вагондарда (рефрижераторлық вагондар, термос-вагондар, термос-цистерналар, изотермиялық вагондар - цистерналар), жабық вагондарда, әмбебап және рефрижераторлық контейнерлерде тасымалданады.

101. Егер жүк жөнелтуші белгілеген температуралық режим немесе тасымалдаудың қандай да бір басқа шарттары қолда бар көлік құралдарымен қамтамасыз етілмейтін болса, онда тасымалдаушы мұндай жүкті тасымалдауға қабылдамайды.

102. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдау тәсілін таңдаған кезде жүк жөнелтуші оны тасымалдаудың ұзақтылығын, сондай-ақ жүктің сапасы сақталуын қамтамасыз ету үшін жүру жолында болғанда әртүрлі климаттық аймақтардағы жыл мезгілдерін есепке алады.

Осы Қағидаға сәйкес тасымалдау тәсілін жүк жөнелтуші белгілеген жағдайларда, ол бұл туралы жүкқұжатта «Жөнелтушінің ерекше мәлімдемелері мен белгілері» деген бағанда белгі қояды.

25. Жануарлар мен құстарды тасымалдау

103. Темір жол көлігімен жануарлар мен құстардың барлық түрлерін (бағалы аңдарды, зертханалық, хайуанаттар паркі мен үй жануарларын, теңіз аңдарын, араларды, балықтарды қоса) (бұдан әрі - жануарлар мен құстар) тасымалдауға ұсыну «Жөнелтушінің қоса берілген құжаттары» деген бағанында көрсете отырып, жүкқұжатқа қосымшасымен және ветеринарлық қадағалау саласындағы тиісті уәкілетті органдар берген ілеспе құжаттар болған кезде жүзеге асырылады.

104. Вагондап жөнелтілімдермен жануарларды тиеу, түсіру кірме жолдарда жүргізіледі.

105. Зертханалық, хайуанаттар паркі мен үй жануарларын тасымалдау мамандандырылған вагондарда немесе осындай тасымалдау үшін жабдықталған жабық вагондарда жүргізіледі.

Жануарларды тасымалдау үшін жалға алынған мамандандырылған вагондарды пайдалану тәртібі

жалға алу шартымен реттеледі.

Жануарларды тасымалдау үшін жабық вагондарды жабдықтауды жүк жөнелтуші жүргізеді.

106. Жануарларды тиеуге таза, ал асыл тұқымды жануарларды тиеуге-жуылған және залалсыздандырылған вагондар беріледі. Вагондардың жануарларды тасымалдауға жарамдылығын жүк жөнелтуші мемветеринарқызметтің ветеринарымен бірлесіп белгілейді.

Мұндай тасымалдау үшін улы химикаттар мен минералды тыңайтқыштарды тасымалдаудан кейін босаған вагондар беруге тиісті өңдеусіз рұқсат етілмейді.

107. Жануарларды тиеу, түсіру Мемлекеттік ветеринар қызметі өкілінің міндетті қатысуымен жүзеге асырылады, жануарларды тиеуді, түсіруді жүзеге асыратын тарап жүк операциялары басталғанға дейін 24 сағаттан кешіктірмей оны хабардар етеді.

Жануарларды тиеу, түсіру тәуліктің жарық уақытында жүргізіледі. Жануарларды тәуліктің қараңғы уақытында тиеуге, түсіруге жануарларды тиеу, түсіру орындарының жеткілікті жарықтануы болғанда ғана рұқсат етіледі.

26. Ветеринарлық, фитосанитарлық бақылауға

жататын жүктерді тасымалдау

108. Мал текті өнімдер мен шикізатты, жануарлар үшін жем-шөпті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы мен көліктегі Мемлекеттік ветеринар қызметінің бақылауымен жануарлардың жұқпалы ауруларына ұшырамаған аумақтардан темір жол көлігімен тасымалдауға рұқсат етіледі.

109. Мемветеринар қызметінің бақылауындағы жүктерді тасымалдаушы ветеринарлық қадағалау саласындағы тиісті уәкілетті орган берген ветеринарлық ілеспе құжаттары болған кезде ғана және «Жүк жөнелтушінің қосымша құжаттары» деген бағанында көрсетілген жүк құжаты қосымшасымен қабылдайды.

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өтетін бақылаудағы жүктерді транзиттік тасымалдау ветеринарлық саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттарға сәйкес жүзеге асырылады.

27. Актілер жасау

110. Тасымалдауға қабылданған жүктердің коммерциялық актілерін тасымалдаушы жүк атауының, массасының, орындары санының тасымалдау құжатында көрсетілген деректерге сәйкес келмеуі;

жүктің зақымдану (бұзылуы);

жүктің тасымалдау құжаттарынсыз, сондай-ақ тасымалдау құжаттарының жүксіз екендігін анықтау; тергеу органдарының ұрланған жүкті тасымалдаушыға қайтару жағдайларын куәландыру үшін жасайды:

111. Ақаусыз тасымалдау кезінде, жүк жөнелтушінің жазбаша өтініші бойынша, онымен шарттың негізінде тасымалдаушы жүктің жай-күйін, оның салмағын, орындар санын тексеруге қатысады және қажет болған жағдайларда коммерциялық акт жасалады.

112. Тасымалдаушы коммерциялық актіні мынадай жағдайларда:

жүктерді жалпыға ортақ пайдаланылатын орындарға түсірген кезде – түсірілген күні;

жүктерді клиенттің кірме жолдарына түсіргенде – жүктер түсірілген күні, бұл ретте жүктерді тексеру оларды түсіру үдерісінде немесе тікелей жүктерді түсіргеннен кейін жүргізіледі;

жүктердің жүру жолында – коммерциялық актімен ресімделуге тиіс жағдайлар анықталған күні

жасайды

Осы тармақта көрсетілген мерзімдерде коммерциялық актіні жасау мүмкін болмаған кезде, ол кейінгі 24 сағаттан кешіктірілмей жасалады.

113. Коммерциялық актідегі деректер тасымалдау құжаттары, жүктерді вагондық және тауарлық таразыларда қайта өлшеу кітаптары және олар бойынша жүктерді салыстырып тексеру жүргізілген басқа құжаттар негізінде көрсетіледі.

114. Тез бұзылатын жүктерді, жануарларды, карантиндегі жүктерді Мемветеринарқызметінің бақылауындағы жүктерді тасымалдау кезінде коммерциялық акт жасалған жағдайда, коммерциялық актінің бірінші данасына ветеринарлық қадағалау және өсімдіктер карантині саласындағы тиісті уәкілетті орган берген ілеспе құжаттаманың тиісті түрде расталған көшірмесі беріледі.

115. Тасымалдаушы өкілінің қатысуымен ақтара немесе үйіле тасымалданған және бір жүк жөнелтушіден бір жүк алушының мекенжайына ақаусыз вагондарда жоғалған белгілерсіз келген бір текті вагондарды беру, осындай жүктердің табиғи кему және нетто массасы өлшемдерінің қателіктері нормасынан асып түсетін жетіспеушілік жағдайлары, сондай-ақ осы күнтізбелік тәуліктердегі тексеру кезінде жекелеген, бірақ бос жөнелтілімнен көп емес жөнелтулермен тасымалданған, осындай жүктерге қатысты табылған нетто массасы өлшемдерінің қателіктерін ескере отырып, жөнелту станциясына белгіленген жүктер массасы мен межелі станцияға анықталған жүктер массасы арасындағы айырмашылықты құрайтын ысырапшылдық жағдайлары кезінде бір коммерциялық актімен ресімделеді.

116. Шығынға ұшырау белгілері жоқ, ақаусыз вагондарда бір жүк жөнелтушіден бір жүк алушының мекенжайына келген, жүру жолында тиеумен немесе қайта тиеумен аударып немесе ауыстырып тиеп ақтарып, үйіп немесе құйып тасымалданатын жүктерді тасымалдаушы өкілінің қатысуымен беру кезінде бір коммерциялық актімен бір мезгілде берілген жүктердің бүкіл топтамасын тексеру нәтижелері бойынша анықталған жетіспеушілік немесе артық болу жағдайлары ресімделеді.

28. Цистерна-вагондарда және бункерлік ашық вагондарда сұйық жүктерді құйып тасымалдау

117. Цистерна-вагондарда (бұдан әрі – цистерна) және мұнай битумын тасымалдауға арналған бункер үлгілі вагондарда (бұдан әрі – бункерлі ашық вагон) құйылып тасымалданатын жүктер, жалпы шарттарды сақтаумен тасымалданатын қауіпсіз және жалпыдан басқа, сондай-ақ олар үшін осы Қағидада көзделген арнайы тасымалдау шарттары орындалуы тиіс қауіпті болып бөлінеді.

29. Қауіпті жүктерді тасымалдау

118. Қауіпті жүктерге оларға тән қасиеттер мен ерекшеліктерге қарай тасымалдау үдерісінде белгілі бір факторлар болған кезде тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізген және сақтау кезінде қоршаған табиғи ортаға зиян келтіруі, жарылыс, өрт немесе көлік құралдарының, құрылғылардың, ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ адамдаордың, жануарлардың және құстардың өлуіне, жарақаттануына, улануына, күйюіне немесе ауруына себеп болуы мүмкін заттар, материалдар, бұйымдар, өндіріс және өзге де қызмет қалдықтары жатады.

30. Арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу

119. Арнайы зерттеулер мен сараптамалар жүргізу қажет болған кезде тасымалдаушы немесе жүк алушы сарапшыларды немесе тиісті мамандарды шақырады. Тасымалдаушы сарапшыны шақырумен қатар бұл туралы жүк алушыны хабардар етеді. Жүк алушы оның мекенжайына келген жүкті сараптауға қатысады.

Тасымалдаушының уәкілетті өкілінің қатысуынсыз өткізілген сараптама жарамсыз деп саналады. Жүктің жетіспеушілігі, бұзылу немесе зақымдалу мөлшерін немесе себептерін және оның құны соншалықты кеміген соманы анықтау қажет болған жағдайда тасымалдаушы өз бастамашылығымен немесе жүк алушының талабы бойынша оның есебінен тауарлық сараптама бюросының, соттық сараптама орталығының, сапа жөніндегі инспекцияның, ветеринарлық-санитариялық қадағалау инспекциясының немесе өзге де ұйымдардың тиісті мамандарын шақырады.

120. Осы жағдайда бұл сарапшы тасымалдаушыға өз ұйымы басшысының тапсырмасын ұсынады. Тапсырмада сарапшының лауазымы көрсетіледі және өзінің біліктілігі бойынша оның тиісті қорытынды бере алатыны куәландырылады.

Егер маманға немесе сарапшыға жүктің немесе оның ыдысының бұзылуының, зақымдалуының нақты себепін көрсету қиын болған жағдайда ол актіде жүктің бұзылуының немесе зақымдалуының себепін дәл анықтау мүмкін болмауы уәждерін көрсетеді.

121. Сарапшылардың қорытындысымен келіспеген жағдайда тасымалдаушының өкілі бұл туралы себептерді көрсете отырып ескерту жасайды және қайталама сараптама белгілеуге немесе сараптау комиссиясын құруға шаралар қабылдайды, ал қажет болған кезде сарапшылардың қорытындысына белгіленген тәртіппен шағымданады.

Қажет болған жағдайда тасымалдаушы қайталама сараптаманы белгілейді.

31. Ерекше жағдаймен жүктерді тасымалдауды жүзеге асыру тәртібі

122. Жекелеген жүктердің тасымалдануы осы Қағидаға сәйкес жүзеге асырылмауы жағдайында, жүктерді тасымалдау ерекше жағдаймен шарт негізінде жекелеген біржолғы жағдайларда кепілдік хат негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

123. Жүктердің ерекше жағдаймен тасымалдануы, жөнелту және межелі станциялар Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жағдайда қолданылады.

32. Жүк түсіргеннен кейін вагондар мен контейнерлерді тазалау және жуу

124. Жүк алушы жүкті қабылдау кезінде оның мекенжайына келген жүкті қабылдауды, жылжымалы құрамды босатуды, оны тазартуды, ал қажет болған кезде осы тарауға сәйкес жууды қамтамасыз етеді.

125. Жүктерді түсіргеннен кейін вагондарды, контейнерлерді жүкті алушы ішінен және сыртынан тазартады, олардан бекітуге арналған алмалы-салмалы емес құралдарды қоспағанда, жүктерді бекітуге арналған құрал-саймандар алынуы тиіс, сондай-ақ жүк алушы бекітуге арналған алмалы-салмалы емес мүкәммал құрал-саймандар (оның ішінде турникеттерді) жарамды техникалық жай-күйге келтіруі тиіс.

Босатылған және тазартылған вагонды, контейнерді жүк алушыдан тасымалдаушының өкілі қол қойылған вагондарды беру –тазалау ведомосінде немесе қабылдап тапсырушының жадынамасында қол қойып қабылдайды.

126. Жууға жекелеген жүктерді түсіргеннен кейін жабық вагондар, астық емес жүктерді түсіргеннен кейінгі астық тасымалдаушы вагондар, қауіпті, оның ішінде құйма жүктерді түсіргеннен кейін

вагондар жатады.

Жүк алушыларда вагондарды жуу үшін мүмкіндік болмаған кезде тасымалдаушы жууды жүк алушының есебінен жүргізуі мүмкін.

Жүктерді және көлік құралдарын зарарсыздандыруды жүк алушы немесе жүк алушының есебінен тиісті мемлекеттік бақылау (қадағалау) органдары жүргізеді.

Жануарларды, құстарды, мал текті шикі өнімдерді түсіргеннен кейін вагондарды, мамандандырылған изотермиялық вагондарды (рефрижераторлы вагондар, термос вагондар) және контейнерлерді жууды, ветеринарлық-санитарлық өңдеуді жүк алушылар немесе жүк алушының тасымалдаушы есебінен қамтамасыз етеді.

Осы Қағидада айтылған талаптар бұзылған кезде тасымалдаушы тазартылмаған вагондарды, контейнерлерді қабылдаудан бас тартуы мүмкін.